

**«KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға  
қаржылық есептілік және тәуелсіз аудиторлар қорытындысы**

**«Элит Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Сатпаев к, 30/2, 2 қабат, 135 кенсе.  
тел+ 7 727 2 777 610, +7 701 981 79 37  
2723100a@mail.ru**

**2024 жылдың 5 ақпанында  
аудиторлық қызметпен айналысуға берілген  
№ 24003175 Бас мемлекеттік лицензиясы  
Алғашқы берілген уақыты 09.07.2013 ж.**

**Астана қаласы**

**МАЗМҰНЫ**

---

Басшылықтың қаржылық есептілікті дайындау мен бекіту үшін жауапкершілігі туралы растауы

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдайы туралы есеп.....	6
Жиынтық табыс туралы есеп.....	7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	8
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	9
Қаржылық есептілікке ескертпелер .....	10-26

**БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ ҮШІН  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ**

Тәуелсіз аудиторлардың ұсынған есебіндегі аудиторлардың міндеттемелерінің сипаттамасымен бірге қаралатын төменде жасалған мәлімдеме аудиторлар мен «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ басшылығының «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ 2023 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылдың қаржылық есептілігіне қатысты жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалды.

«KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ осы күнге аяқталған жылдағы оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншік капиталындағы өзгерістерді барлық елеулі аспектілерде дұрыс көрсететін қаржылық есептіліктің Қаржылық есептілік халықаралық стандартына («ҚЕХС») сәйкес дайындалуы және есепке алу саясатының негізгі қағидаларын ашып көрсетуі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық мынаған жауапты:


- дұрыс есеп саясатын таңдау және қолдану;
- мәнді, сенімді, салыстырмалы және түсінікті ақпарат қамтамасыз ететін нысанда, есеп саясатын қоса, ақпаратты ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне, атап айтқанда операцияларды, басқа да оқиғалар мен жағдайлар әсер пайдаланушылардың түсіне алуы үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашу;
- мұндай болжаудың заңсыздығын қоспағанда, Қоғам алдағы келешекте өзінің қызметін жалғастыратын болады деген болжаумен қаржы есеп-қисабын дайындау;
- Қоғамның тиімді, әрі сенімді ішкі бақылауының жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қызмет етуін қамтамасыз етуге;
- кез-келген сәтте Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежеде дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Қоғамның активтерін қорғау үшін өзінің құзыры шегінде шаралар қолдануға; және
- алаяқтық пен басқа да қиянатшылдық факторларын анықтау және оларды болдармау.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың осы қаржылық есептілігі шығаруға басқарма төрағасы, қаржы қызметінің директоры және бас бухгалтерімен өз құзыреті шеңберінде 2024 жылғы 5 сәуірде бекітілді.


Басқарма төрағасы

  
Е. Елекеев

Қаржы қызметінің директоры

  
Т. Ашыхатов

Бас бухгалтер

  
Н. Жумагәльдинова



Шығ. №703/О  
5 сәуір 2024 ж.

«Бекітемін»  
«Элит Аудит» ЖШС директоры  
2024 жылдың 5 ақпанында  
ҚР Қаржы министрлігімен берілген  
№24003173 бас мемлекеттік лицензиясы



Жапсарбаева А.А.  
«05» сәуір 2024 жыл

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Адресат:** Құрылтайшылар мен басшылыққа

### *Пікір*

Біз қоса беріліп отырған 2023 жылғы 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай жөніндегі есепті, осы күнге аяқталған жылға жиынтық табыс жөніндегі капиталдағы өзгерістер мен ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептерді, сондай-ақ есепке алу саясатының негізгі ережелері мен басқа да түсіндірме ақпараттарды қамтитын «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде, қаржылық есептілікті дайындауға қолданылатын тұжырымдамасын талаптарына сәйкес дайындалған «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ туралы қаржылық жағдайы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы, ақша қаражатының қозғалысы және қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы және әділ көзқарас береді.

### *Пікірді білдіру негізі*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудиторлық қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі – «БХЭСК Кодексі») сәйкес Қоғамға қатысты біз тәуелсіз және БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### *Аудиттің шешуші мәселелері*

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз.

### *Қаржылық есептілікті дайындаудағы басшылықтың жауапкершілігі*

Қоғам басшылығы осы қаржылық есептілікті Қаржы есептілігі халықаралық стандарттарына және қолданылатын концепцияға сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға жүргізуге жауапты. Аталған жауапкершілікке мыналар кіреді: қаржылық есептілікке әсер ететіндей теріс пайдаланушылық салдарынан не болмаса қателер салдарынан болған елеулі бұрмалаулары жоқ қаржылық есептіліктің дайындалуын және оның дұрыс ұсынылуын ішкі бақылау жүйесін құру, ендіру және қолдау; тиісті есепке алу саясатын таңдау мен қолдау; сондай-ақ негізделген есептік бағаларды қолдану.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін басшылық Қоғамны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

## **Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адам емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікіріміздің қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізділген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ✓ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз;
- ✓ осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудық анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ✓ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ✓ Қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуі негізділігін бағалаймыз;
- ✓ Басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабулетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ✓ Қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

**Аудитор**

**«Элит Аудит» ЖШС**

**Жолдасбек Б.Ж.**

Аудитордың № МФ-0001619 біліктілік куәлігі, 15.07.2021 ж.


ҚР аудиторларын аттестациялау жөніндегі Аудиторлар лигасының біліктілік комиссиясымен берілген



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**2023 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша**

<i>мың теңгемен</i>	Ескертпе	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	4	20 116	28 616
Материалдық емес активтер	5	13 722	39 750
Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржы активтері	6	129 570	118 883
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	7	11 166	15 481
<b>Ұзақ мерзімді активтердің жиыны</b>		<b>174 574</b>	<b>202 730</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Қорлар	8	5 841	7 772
Берілген аванстар	9	4 112	5 610
Өзге ағымдағы активтер	10	14 268	18 839
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	11	875 561	1 016 846
Ағымдағы салық активтері	12	35 152	43 134
Алынуға тиісті сыйақылар	6	309	309
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>		<b>935 243</b>	<b>1 092 510</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>1 109 817</b>	<b>1 295 240</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Акционерлік капитал		2 828 770	2 828 770
Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)		8 098	180 375
Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (өтелмеген залал)		(2 020 125)	(2 074 237)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>816 743</b>	<b>934 908</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер		-	-
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны</b>		<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Кредиторлық берешек	13	50 202	52 401
Төлеуге жататын өзге де салықтар	14	156 220	185 834
Қызметкерлер алдындағы берешек	15	42 126	92 639
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	16	44 526	29 458
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны</b>		<b>293 074</b>	<b>360 332</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>293 074</b>	<b>360 332</b>
<b>Капитал және міндеттемелер жиыны</b>		<b>1 109 817</b>	<b>1 295 240</b>



Басқарма төрағасы

*Е. Елекеев*

Қаржы қызметінің директоры

*Т. Ашыхатов*

Бас бухгалтер

*Н. Жумагельдинова*

**ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2023 жыл</b>	<b>2022 жыл</b>
Көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	17	<b>2 480 074</b>	2 474 843
Өзіндік құны	18	<b>(2 209 719)</b>	(2 096 991)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>270 355</b>	377 852
Әкімшілік шығыстар	19	<b>(344 864)</b>	(369 532)
Өзге (шығыстар)/кірістер, нетто	20	<b>(2 573)</b>	66 785
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша шығыстарды/(шығыстар) қалпына келтіру	21	<b>2</b>	976
Оң (теріс) бағамдық айырмасы, нетто		<b>726</b>	(1 366)
<b>Операциялық қызметтен кіріс / (залал)</b>		<b>(76 354)</b>	74 715
Қаржылық кірістер	22	<b>101 795</b>	109 970
Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржы активтері бойынша дисконт, нетто	6	<b>10 687</b>	9 783
Негізгі құралдардың қатардан шығаруынан түсетін кіріс	4	<b>-</b>	(365)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда (залал)</b>		<b>36 128</b>	194 103
Табыс салығы бойынша шығыстар	7	<b>(28 030)</b>	(13 728)
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>8 098</b>	180 375
Өзге де жиынтық табыс/(залал)		<b>-</b>	-
<b>Бір жылғы жиынтық табыс/(залал) жиыны</b>		<b>8 098</b>	180 375
<b>1 жай акцияға пайда (мың теңге/ 1 дана акция)</b>		<b>0,029</b>	0,638

Басқарма төрағасы



*E. Елекеев*

Қаржы қызметінің директоры

*T. Ашыхатов*

Бас бухгалтер

*H. Жумагельдинова*




**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**  
**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2023 жыл</b>	<b>2022 жыл</b>
<b>Операциялық қызмет</b>			
Көрсетілетін қызметтерді сатудан түсім		2 777 683	2 779 829
Алынған сыйақылар		86 573	93 522
Жеткізушілерге төлемдер		(1 216 569)	(1 031 396)
Жалақы төлеу бойынша төлемдер		(866 355)	(866 981)
Бюджетке төленетін төлемдер		(466 507)	(538 251)
Табыс салығы бойынша төлемдер		(29 567)	(200)
Өзге де (төлемдер)/түсімдер,нетто		(297 749)	(325 183)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(12 491)</b>	<b>111 340</b>
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		-	(9 391)
Салымдарды алып қою (орналастыру), нетто		-	-
<b>Инвестициялық қызметтен түскен (қолданылған) ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>-</b>	<b>(9 391)</b>
<b>Қаржы қызметі</b>			
Жарғылық капиталға жарналар		-	-
Дивидендтерді төлеу	24	(126 263)	(84 162)
<b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(126 263)</b>	<b>(84 162)</b>
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының өзгерістері</b>			
Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері		(2 533)	(4 582)
Құнсызданудан болған шығындарға бағалау резервін қалпына келтіру/(көрсету)	21	2	976
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары		1 016 846	1 002 665
<b>Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары</b>	<b>11</b>	<b>875 561</b>	<b>1 016 846</b>

Басқарма төрағасы

  
 Е. Елекеев

Қаржы қызметінің директоры

  
 Т. Ашыхатов

Бас бухгалтер

  
 Н. Жумагельдинова



**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**  
**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Акционерлік капитал</b>	<b>Бөлінбеген пайда/ (жабылмаған залал)</b>	<b>Барлық капитал</b>
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға</b>	2 828 770	(1 990 075)	838 695
Бір жылғы пайда	-	180 375	180 375
Дивидендтерді төлеу	-	(84 162)	(84 162)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	2 828 770	(1 893 862)	934 908
Бір жылғы пайда	-	8 098	8 098
Дивидендтерді төлеу	-	(126 263)	(126 263)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	2 828 770	(2 012 027)	816 743


Басқарма төрағасы

  
 \_\_\_\_\_  
 Е. Елекеев

Қаржы қызметінің директоры

  
  
 \_\_\_\_\_  
 Т. Ашыхатов

Бас бухгалтер

  
 \_\_\_\_\_  
 Н. Жумагельдинова


## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

### 1. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 тамыздағы №775 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жанынан «Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы» АҚ (бұдан әрі – «МТЗО» АҚ) құрылды. Шикізаттық емес экспортты сервистік қолдау институтын құру қажеттілігіне байланысты 2007 жылғы 14 қарашада «Қазына ТДҚ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «МТЗО» АҚ базасында «Экспортты дамыту және ілгерілету корпорациясы» АҚ құрылды, ол 2008 жылғы 11 қыркүйектен бастап «Қазына» АҚ Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес Экспортты дамыту және ілгерілету корпорациясы «KAZNEX» (бұдан әрі-Корпорация) деп атала бастады. Корпорация акцияларын мемлекеттік меншікке бергеннен кейін және иелену мен пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне бекітіп бергеннен кейін 2010 жылғы 2 сәуірде «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ (бұдан әрі – KAZNEX INVEST) Корпорация болып қайта құрылды. Кейіннен «KAZNEX INVEST» Экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 наурыздағы №100 қаулысына сәйкес KAZNEX INVEST «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» мемлекеттік мекемесі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №806 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Қоғам акцияларының пакетін иелену және пайдалану құқығы «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі» мемлекеттік мекемесіне берілді.

Қоғам экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту және инвестициялық жобаларды кешенді сүйемелдеу арқылы Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында құрылды.

Қоғам рөл атқарады:

- Инвестициялық жобаларды іске асырудың перспективалары мен шарттарын талқылау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан бірыңғай келіссөз жүргізуші.
- Инвесторлар үшін мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде инвестициялық преференциялар түрінде инвесторларды мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, инвестициялық жобаларды іске асыру және одан әрі пайдалану үшін қажетті әртүрлі рұқсат беру құжаттарын алуға жәрдемдесу мәселелері бойынша «бір терезе».

Қоғамның заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55/20 үй.

Құрылтай құжаттарына сәйкес Қоғамның басқару органдары:

- Жоғарғы басқару органы - Жалғыз акционер;
- Бақылаушы орган - Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган-Басқарма.

Қоғамның Алматы қаласында (Қазақстан Республикасы) және Пекин қаласында (Қытай Халық Республикасы) өкілдіктері бар.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

### 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қоғамның осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі кеңес) бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік осы қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, тарихи құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен ұсынылды және өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық сомалар бүтін мыңға дейін дөнгелектенді. Осы қаржылық есептілікте өткен кезең үшін салыстырмалы ақпарат ұсынылған.

#### Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер

Қоғамның қолданыстағы есеп саясатын Қоғамның Директорлар кеңесі 2022 жылғы 15 Сәуірде бекітті және 2023, 2022 және 2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттардың төменде енгізілген қабылданған жаңа редакцияларын қоспағанда, алдыңғы есепті жылы қолданылған ҚЕХС сәйкес келеді. Қоғам шығарылған, бірақ күшіне енбеген басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

#### Қолданыстағы стандарттар мен түсініктемелер

Қоғамның қаржылық есептілігіне әсер етпеген, 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезең үшін қаржылық есептілікте қолдануға міндетті ҚЕХС-тағы өзгерістер:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» – 1 ҚЕХС (IAS) және ҚЕХС қолдану бойынша практикалық ұсынымдарға түзетулер;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу»;
- 8 ХҚЕС-ке (IAS) - «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» түзетулер (есеп саясаты мен бухгалтерлік бағалаудың өзгеруі туралы иллюстрациялар);
- 12 ҚЕХС (IAS) түзетулер - «Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық»;
- ХҚЕС түсіндіру комитеті кеңестерінің шешімдері (IFRIC Updates).

Қоғамның қаржылық есептілігіне әсер етпеген, 2022 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезең үшін қаржылық есептілікте қолдануға міндетті ҚЕХС-тағы өзгерістер:

- 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»;
- 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»;
- 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;
- 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланылғанға дейінгі түсімдер»;
- 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ауырпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары», құрылыс келісімшартын есепке алудың практикалық иллюстрациясы;
- «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету.

Қоғамның қаржылық есептілігіне әсер етпеген, 2021 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезең үшін қаржылық есептілікте қолдануға міндетті ҚЕХС-тағы өзгерістер:

- ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4, ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетулері – «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы, 2-кезеңі»;
- ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері – «2021 жылдың 30 маусымынан кейін күшіне енетін, Covid-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер»;
- ХҚЕС (IAS) 16 – «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланылғанға дейінгі түсімдер» түзетулер.

#### Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік қоғамның осы қаржылық есептілігін ұсынудың функционалдық валютасы және валютасы болып табылатын қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – "теңге") ұсынылған.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция күніндегі қолданыстағы бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыстағы функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы жеке есепке енгізіледі.

### *Валюта айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі - "ҚҚБ") белгілейтін орташа өлшемді айырбастау бағамдары Қазақстан Республикасында ресми валюта бағамдары ретінде пайдаланылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚБ валюталық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңге). Бұл курс Қоғамның ақша активтері мен міндеттемелерін 31 жылдың 2023 және 2022 желтоқсанына қайта есептеу үшін пайдаланылды.

### **Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы есепте Қоғам активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктемесі негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату керек немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталады; оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде сату болжанады;
- немесе ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай бойы қолданыста болатын міндеттемелерді өлеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе ақша қаражатының баламасын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі. Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде реттеу болжанып отыр;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін сақталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттелуге жатады;
- немесе ұйымда есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі айға міндеттемені реттеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ.

Қоғам барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

### **Түсім**

Егер Қоғамның экономикалық пайда алу мүмкіндігі болса және егер түсім сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Түсім жеңілдіктер мен өзге де салықтарды шегере отырып, алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Түсімді қаржылық есептілікте тану үшін мынадай өлшемдер орындалуы тиіс:

#### *Қызметтерді ұсыну*

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтердің аяқталу сатысына қарай қызмет көрсету сәтінде таңылады.

#### *Қаржылық кіріс*

Кіріс пайыздардың есептелуіне қарай танылады (қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде күтілетін болашақ ақша ағындарын қаржы активінің таза баланстық құнына әкелетін пайыздың тиімді ставкасы әдісі бойынша).

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

### Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтінде ескеріледі және, есептеу әдісінің негізінде олар жататын кезеңде қаржылық есептілікте көрсетіледі

### Салықтар

#### *Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдары өтеуге талап етуі немесе салық органдарына төлеуі күтілетін сомада бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық ставкалары мен салық заңнамасы - бұл өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есепті күнге қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

#### *Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен қаржылық есептілік мақсаттары үшін олардың баланстық құны арасындағы барлық уақытша айырмалар бойынша міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив шегерілетін уақытша айырмалар сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың елеулі ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмалар үшін танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері қолданысқа енгізілген немесе есепті күнге нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелері негізінде активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке жатқызуға заңды, заңды жарамды құқықтары болған кезде есепке жатқызылуы мүмкін.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, олар болған жағдайда бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Сатып алынған негізгі құралдардың құны активті жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты сатып алу бағасынан немесе кез келген түрдегі шығындардан және қажет болған жағдайда активті жою жөніндегі шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің жиынтық төленген құны және/немесе әділ құны сатып алу бағасы болып табылады.

Негізгі құралдар объектісін тану ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан немесе істен шығудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген кірістер немесе шығыстар (істен шығудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тануды тоқтату басталған есепті кезеңдегі жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

#### *Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі*

Тозу жерді және аяқталмаған құрылысты қоспағанда, активтерді пайдалы пайдалану мерзіміне дейін есептен шығару үшін негізгі құралдардың баланстық құнына есептеледі. Тозу келесі бекітілген жылдық мөлшерлемелер бойынша сызықтық әдіспен есептеледі:

Жиһаз	5 жыл
Көлік құралдары	7 жыл
Компьютерлік техника	4-5 жыл
Кеңсе жабдығы және өзге де негізгі құралдар	3-20 жыл

Қоғам негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін кем дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтулер алдыңғы бағалардан өзгеше болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептік бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС (IAS) сәйкес есептік бағалардағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

### 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

2022 жылғы 15 сәуірде қабылданған Қоғамның есеп саясаты негізгі құралдардың кейбір позициялары бөлігінде бұрын қолданыста болған есеп саясатынан өзгеше амортизация мерзімдеріне ие. Бұл ретте есеп саясатының 2.5.2-тармағына сәйкес бұрын болған шаруашылық операциялар үшін қоғамды есепке алу қағидаттарын ерікті түрде өзгертуге, егер баламалы есепке алу қағидаттарын қолдану экономикалық қызмет фактілерін неғұрлым дәл көрсету үшін артықшылықты болып табылатындығы туралы объективті дәлелдер пайда болған жағдайда ғана жол беріледі. Өзгерістерде негізгі құралдардың қызмет ету мерзімінің қысқаруы басым болғандықтан, ал 2022 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша негізгі құралдар объектілерін пайдалану мерзімдері бойынша күтулер алдыңғы бағалауларға сәйкес келеді немесе сәл өзгеше болғандықтан, қоғам жаңа редакцияда есеп саясаты бекітілген күннен кейін сатып алынған негізгі құралдарға қатысты амортизацияның жаңа мерзімдерін қолдануға шешім қабылдады.

Негізгі құралдардың баланстық құны баланстық құн өтелетін болып табылмайтынын көрсететін мән-жайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

#### **Жалға алу**

Келісімнің жалдау немесе жалдау белгілері бар-жоғын анықтау жалдау қатынастарының басталу күніндегі келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Егер келісімнің орындалуы нақты активті (немесе активтерді) тіпті егер бұл актив (немесе бұл активтер) келісімде анық көрсетілмесе, бір тараптан екінші тарапқа ауысса, келісім жалдау болып табылады немесе жалдау белгілерін қамтиды.

#### *Қоғам жалға алушы ретінде*

Жалдау қатынастарының басталу күніне қаржылық немесе операциялық ретінде жіктеледі. Меншікке байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде Қоғамға өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Операциялық жалдау қаржылық жалдаудан басқа жалдау ретінде анықталады. Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдаудың бүкіл мерзімі ішінде желілік әдіспен пайда немесе шығын туралы есепте операциялық шығыстар ретінде танылады.

#### **Қаржы құралдары - бастапқы тану және кейінгі бағалау**

Бір ұйымда қаржы активінің және басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкеп соғатын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

#### **Қаржылық активтер**

##### *Бастапқы тану және бағалау*

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа жиынтық кіріс (ЖСК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сипаттамаларына және Қоғам осы активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі құрамдаушы жоқ немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Қоғам бастапқыда қаржы активтерін пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында ұлғайған әділ құн бойынша мәміле бойынша шығындар сомасына бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешегі ХҚЕС 15 сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеуге және бағалауға мүмкіндік беру үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне "тек қана борыштың және пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдер" болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Бұл бағалау SPPI сынағы деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Қоғамның қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-моделі қоғамның ақша ағындарын құру мақсатында өзінің қаржылық активтерін қалай басқаратынын сипаттайды.

Бизнес-модель ақша ағындары шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатынын анықтайды.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда сауда жасау) қабылданған ережелерге сәйкес активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алудың немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасалған күні, яғни Қоғам активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өзіне алған күні танылады.

### *Кейінгі бағалау*

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері үш санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптай отырып, басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері.

### Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Егер мынадай екі шарт та орындалса, Қоғам қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының есебіне және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне проценттер ғана болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алуға негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті тану, оны түрлендіру немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Қоғам амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құрамына енгізілген байланысты тарапқа және үшінші тараптарға берілген қарыздарды; сондай-ақ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің құрамына енгізілген өтеуге дейін ұсталатын дебиторлық берешек пен инвестицияларды жатқызады.

### Өзге жиынтық кіріс (борыштық құралдар) арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер мынадай екі шарт та орындалса, Қоғам борыштық құралдарды басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалайды:

